

СЕРВИСТІ ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ (ЖАРИЯ ОФЕРТА)

Осы «Lenta» сервисін пайдалану туралы келісім (бұдан әрі – Келісім) «Freedom SuperApp» мобильді қолданбасында (бұдан әрі – «Бірыңғай платформа») ұсынылатын және 18 жасқа толған жеке тұлғалардың шектелмеген тобына (бұдан әрі – Пайдаланушы) арналған жария оферта болып табылады.

Осы Келісім Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395-бабына сәйкес Оператордың Пайдаланушыларға жолданған, төменде көрсетілген шарттарда «Lenta» сервисін пайдалануға шарт жасасу туралы ресми, жария және қайтарып алынбайтын ұсынысы болып табылады.

Пайдаланушының «Lenta» сервисін қосу/пайдалану бойынша әрекеттер жасауы (Бірыңғай платформа арқылы кросс-авторизацияны қоса алғанда) осы Келісімшарттың талаптарын ешбір ескертусіз толық және сөзсіз қабылдауды (акцепт) білдіреді.

Егер Пайдаланушы Келісім шарттарымен келіспесе, ол «Lenta» сервисін пайдалануды тоқтатуға міндетті.

1. Терминдер мен анықтамалар

1.1. Осы Келісімде төмендегідей негізгі ұғымдар пайдаланылады:

Аккаунт – Пайдаланушының «Lenta» сервисіне қолжетімділігін қамтамасыз ететін Бірыңғай платформадағы есептік жазбасы.

Заңсыз/Тыйым салынған контент – Қазақстан Республикасының заңнамасын және/немесе осы Келісім шарттарын бұзатын контент.

Оператор – «Фридом Банк Қазақстан» АҚ, БСН: 090740019001 (бұдан әрі — «Оператор»).

Серіктес – Ниеттестік бағдарламасына қатысатын және ниеттестік бағдарламаларын басқару үшін Сервисті пайдаланатын заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер (тауарларды/қызметтерді сатушы).

Пайдаланушы – 18 жасқа толған, Оператормен шот ашуға шарттық қатынастары бар, дербес деректері Сервиске кіру кезінде пайдаланылатын жеке тұлға.

Пайдаланушы контенті – Пайдаланушының Сервисте орналастыратын кез келген деректері, соның ішінде төмендегілермен шектелмейді:

- сатып алулар туралы алынған деректер;
- посттар, пікірлер, пікірлер;
- профиль/пост кескіндері;
- қолдау көрсету қызметіне жүгінулер.

Ниеттестік бағдарламасы – Бірыңғай платформада орналастырылған «SuperApp клиенттеріне арналған Freedom Lenta-дағы Cashback арнайы ұсынысының шарттары».

«Lenta» сервисі (бұдан әрі – Сервис) – Пайдаланушыға Келісімде көзделген мүмкіндіктерді ұсынатын Бірыңғай платформадағы функционал.

Транзакциялар/Операциялар – Пайдаланушының тауарларды сатып алу үшін Оператордың төлем карточкасын немесе оның деректемелерін пайдалана отырып жасаған операциялары, қолма-қол ақшасыз төлемдері.

2. Офертаның акцепті және тіркелу тәртібі

2.1. Пайдаланушының конклюденттік әрекеттер жасауы: Бірыңғай платформа арқылы кросс-авторизациялау жолымен Сервисте авторизациялануы және/немесе растау түймесін (мысалы, «Жалғастыру», «Кіру», «Келісемін») басуы, сонымен қатар Сервисті әрі қарай пайдалануы Келісімнің акцепті болып табылады.

2.2. Акцепт жасай отырып, Пайдаланушы өзінің:

- 18 жасқа толған әрекетке қабілетті жеке тұлға екенін;
- осы Келісімнің шарттарымен толық танысқанын;
- өз әрекеттерінің құқықтық салдарын түсінетінін және осы Келісімде баяндалған барлық міндеттемелерді өзіне қабылдайтынын растайды.

2.3. Пайдаланушы Бірыңғай платформаға және Сервиске кіру тәсілдерінің сақталуына жауапты болады және кіру мүмкіндігін үшінші тұлғаларға бермеуге міндеттенеді.

3. Келісімнің мәні

3.1. Оператор Пайдаланушыға Сервисті ақы алмай (өтеусіз негізде) қарапайым (айрықша емес), берілмейтін, қайтарып алынатын лицензия шарттарында функционалдық мақсаты бойынша пайдалану құқығын береді.

3.2. Сервистің функционалдық мақсаты Пайдаланушылар санаттары үшін әртүрлі болуы мүмкін:

(а) Пайдаланушылар үшін: Ниеттестік бағдарламасына қатысу және әлеуметтік функцияларды пайдалану (Пайдаланушы контентін жасау және қарау).

(б) Серіктестер үшін: Ниеттестік бағдарламаларын басқару және оған байланысты аналитиканы қарау функцияларына қол жеткізу.

3.3. Оператор Сервис функционалының құрамын өзгертуге, функцияларды қосуға/шектеуге, техникалық, құқықтық және өзге де себептер бойынша жекелеген бөлімдердің жұмысын тоқтата тұруға құқылы.

3.4. Серіктес аккаунтының атынан жарияланған жарияланымдар Ниеттестік бағдарламасына қатыспайды және осындай жарияланымдар үшін балл есептелмейді.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4.1. Пайдаланушы төмендегілерге міндетті:

4.1.1. Сервисті тек заңды мақсаттарда пайдалануға және осы Келісімнің 5.4-тармағын бұзбауға;

4.1.2. Сервистің жұмысын тұрақсыздандыруға, техникалық шектеулерді айналып өтуге, рұқсатсыз кіруге (бұзып кіруге), басқа Пайдаланушылар туралы ақпаратты кері іздеуге немесе қадағалауға бағытталған әрекеттерді жасамауға;

4.1.3. Сервисті алаяқтық әрекеттер үшін пайдаланбауға;

4.1.4. белсенділікті жасанды түрде жасауды, басқа Пайдаланушылармен үйлестірілген әрекеттерді және теріс пайдаланудың өзге де нысандарын қоса алғанда, ниеттестік бағдарламасы шеңберінде негізсіз сыйақы алуға бағытталған әрекеттерді жасамауға;

4.1.5. Оператор осы Келісім шарттарының өзгерістерін жариялағаннан кейін олармен өз бетінше танысуға.

4.2. Оператор төмендегілерге құқылы:

4.2.1. жаңартулар мен техникалық жұмыстар жүргізу үшін Сервис жұмысын (толықтай/ішінара) тоқтата тұруға;

4.2.2. осы Келісімнің жаңа редакциясын жариялау арқылы оның шарттарын біржақты тәртіппен өзгертуге. Келісімнің жаңа редакциясы жарияланғаннан кейін Сервисті пайдалануды жалғастыру Пайдаланушының шарттардың өзгертілуімен келісетінін білдіреді;

4.2.3. осы Келісімнің 5.4-тармағы бұзылған жағдайларда Пайдаланушыны тіркеуден бас тартуға немесе Аккаунтты бұғаттауға;

4.2.4. егер бұл қауіпсіздік мақсаттары, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау және заңға қайшы әрекеттердің алдын алу үшін қажет болса, растаушы мәліметтерді/құжаттарды сұратуға.

5. Пайдаланушы контенті және лицензия

5.1. Пайдаланушы контентін орналастыра отырып, Пайдаланушы Операторға Сервистің жұмыс істеуі, сатып алу орындарын (Транзакцияларды/Операцияларды) верификациялау, аналитика жүргізу, Пайдаланушыға деректер статистикасын ұсыну үшін қажетті шектерде, сондай-ақ тек әлеуметтік контентке қатысты Сервисті маркетингтік ілгерілету үшін қарапайым (айрықша емес), өтеусіз лицензия береді.

5.2. Пайдаланушы лицензияны пайдалану мақсаттары Пайдаланушы контентінің түріне қарай ерекшеленетінін мойындайды және онымен келіседі:

5.2.1. Сатып алулар туралы деректер үшін: Лицензия Операторға верификациялау, талдау, деректерді тану, Пайдаланушыға статистикалық ақпаратты ұсыну мақсаттары үшін беріледі.

5.2.2. Әлеуметтік контент (посттар, фотолар, пікірлер) үшін: Лицензия Сервистің әлеуметтік механикасының жұмыс істеуін қамтамасыз ету, соның ішінде оны басқа Пайдаланушыларға көрсету және Оператордың Сервисті ілгерілетуге арналған маркетингтік материалдарда пайдалануы мақсатында беріледі. Пайдаланушы жарияланымға Транзакциялар/Операциялар туралы деректерді тіркеген жағдайда, ондағы мәліметтер (сомасы, Серіктестің атауы мен мекенжайы) Пайдаланушы контентінің бөлігі болады және басқа Пайдаланушыларға көрінуі мүмкін. Пайдаланушы Транзакция/Операция туралы деректерді тіркеу туралы шешімді өз бетінше қабылдайды және аталған мәліметтер Сервистің басқа Пайдаланушыларына қолжетімді болатынын түсінеді.

5.2.3. Пайдаланушы жүктелетін Пайдаланушы контентіндегі, соның ішінде Транзакцияларда/Операцияларда, чектерде қамтылған деректерді, сондай-ақ сатып алу (Транзакциялар) жасалған орындар туралы ақпаратты қоса алғанда, үшінші тұлғалардың дербес деректерін Операторға беру үшін заңды негіздердің бар екеніне кепілдік береді.

5.3. Пайдаланушының кепілдіктері:

5.3.1. Пайдаланушы контентті орналастырудың заңдылығына, соның ішінде өзі жүктейтін барлық Пайдаланушы контентінің жалғыз авторы және/немесе құқық иеленушісі болып табылатынына не үшінші тұлғалардан барлық қажетті рұқсаттарды алғанына кепілдік береді.

5.3.2. Пайдаланушы өзінің Пайдаланушы контенті үшінші тұлғалардың құқықтарын (соның ішінде құпиялылыққа, зияткерлік меншікке құқықтарды) бұзбайтынына және осы Келісімнің 5.4-тармағында көзделген тыйым салынған Контент болып табылмайтынына кепілдік береді.

5.3.3. Пайдаланушы Операторға оның Пайдаланушы контентіне байланысты үшінші тұлғалардың, Серіктестердің немесе мемлекеттік органдардың наразылықтары

нәтижесінде Оператор шеккен барлық зарарларды, шығыстарды (соның ішінде сот шығындарын) және шығындарды өтеуге міндеттенеді.

5.4. Тыйым салынған контент:

Сервисте төмендегідей кез келген контентті жариялауға тыйым салынады:

- экстремизмді, терроризмді насихаттайтын, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе өзге де араздықты қоздыратын материалдарды қоса алғанда, Заңсыз контент болып табылатын;
- жала жабуды, қорлауды, қорқытуды, зорлық-зомбылыққа немесе өшпенділікке шақыруды қамтитын;
- порнографиялық немесе ашық эротикалық болып табылатын;
- үшінші тұлғалардың зияткерлік меншік құқықтарын бұзатын;
- үшінші тұлғалардың келісімінсіз олардың дербес деректерін қамтитын;
- спам, «фишинг» болып табылатын, зиянды бағдарламалық жасақтаманы қамтитын немесе ақпараттық қауіпсіздік талаптарын кез келген өзге тәсілмен бұзатын;
- анық емес жарнаманы не ҚР заңнамасымен немесе Оператордың саясатымен сатуға тыйым салынған тауарлардың және/немесе қызметтердің жарнамасын қамтитын.

5.5. Серіктестер Сервисте келесі жарияланым түрлерін орналастыруға құқылы: кәдімгі посттар (фотосуреттермен және фотосуреттерсіз), серіктестік кешбәктер туралы ақпараты бар посттар, сондай-ақ пайдаланушылар үшін тауарларды сатып алу туралы ұсыныстары бар посттар. Аталған жарияланымдар пайдаланушылар — жеке тұлғалардың Лентасында көрсетіледі. Серіктес Сервисте орналастырылған тауарлар туралы ақпараттың өзектілігіне, оның ішінде тауардың қолжетімділігіне (бар болуына) қатысты жауапкершілікті көтереді. Серіктес тек қолда бар және сатуға қолжетімді тауарларды ғана жариялауға міндеттенеді. Клиенттердің тауардың жоқтығына, тауардың бар болуы туралы ақпараттың анық еместігіне немесе оны сатып алудың мүмкін еместігіне байланысты барлық наразылықтары, шағымдары және өзге де өтініштері Серіктестің жауапкершілік аймағына жатады. Оператор осындай өтініштер бойынша жауапкершілікті көтермейді және Пайдаланушы мен Серіктес арасындағы даулардың тарапы болып табылмайды.

5.6. Серіктестер өз посттарында хабарлайтын тауарларды сату шарттарын, құнын, жеткізу мерзімдерін Серіктестер өз бетімен қалыптастырады және қамтамасыз етеді. Оператор осындай ұсыныстардың тарапы болып табылмайды және олардың орындалуы үшін жауапты болмайды.

5.7. Серіктестер жарияланымдарды өздерінің заңды атауымен немесе БСН-ді/ЖСН-ді профилде және/немесе жарияланатын материалдарда ашық көрсетумен жеке кәсіпкердің атауымен жүзеге асырады.

Серіктес осы Офертаның шарттарын қабылдау арқылы Банктің ұйымның БСН-ін/ЖСН-ін, заңды атауын немесе жеке кәсіпкердің АӨТ-сін ашық көрсетуіне (оның ішінде Сервистің басқа Пайдаланушылары үшін) келісімін білдіреді.

5.8. Пайдаланушылар мен Серіктестер никнеймді, логотипті, кескіндерді және өзге де контентті таңдау кезінде үшінші тұлғалардың құқықтарын сақтауға қатысты жауапкершілікті көтереді. Бөтен тауар белгілерін, фирмалық атауларды, коммерциялық белгілерді; үшінші тұлғаларға тиесілі логотиптерді және өзге де дараландыру құралдарын; Пайдаланушыларды жариялаушының кім екендігіне қатысты жаңылыстыратын атауларды пайдалануға тыйым салынады. Бұзушылық анықталған кезде Оператор біржақты тәртіпте,

алдын ала хабарламастан келесі әрекеттерді жасауға құқылы: Пайдаланушының немесе Серіктестің логотипін профильден жою, никнеймді өзгерту немесе иесіздендіру; 6-тараудағы өзге де шараларды қолдану. Пайдаланушыларды жаңылыстыру әрекеттері үшін (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей: бөтен брендті имитациялау, кэшбэктің сенімсіз шарттары, тауарлар/қызметтер туралы жалған ақпарат) қайта тіркелу мүмкіндігінсіз уақытша шектеулер мен аккаунтты тұрақты (перманентті) бұғаттау шаралары қолданылады.

6. Модерациялау және өтініштер

6.1. Оператор кез келген уақытта, алдын ала хабарландырусыз, егер мұндай контент осы Келісімнің шарттары мен талаптарын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзады немесе бұзуы мүмкін деп анықтаса, кез келген Пайдаланушы контентіне мониторинг, пре-модерация, сүзу немесе оны жоюды жүзеге асыру құқығын өзіне қалдырады (бірақ міндетті емес).

6.2. Пайдаланушы осы Келісімнің шарттарын бұзған жағдайда, Оператор Пайдаланушыға төмендегілерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, прогрессивті санкцияларды қолдануға құқылы: контентті қабылдамай ескерту жасау, Сервис функцияларын уақытша шектеу (соның ішінде 30 күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге жарияланымдар, пікірлер мен реакциялар жасауға тыйым салу), сондай-ақ қайта тіркелу мүмкіндігінсіз Аккаунтты жою. Санкцияларды қолданудың нақты тәртібін, мерзімдері мен шарттарын Оператор анықтайды.

6.3. Оператор ниеттестік бағдарламасын теріс пайдаланудың алдын алу мақсатында Пайдаланушының белсенділігіне мониторинг жүргізуге құқылы. Жосықсыз әрекеттердің белгілері анықталған кезде Оператор Пайдаланушының контентін модератордың қосымша тексеруіне жіберуге, ал бұзушылық расталған жағдайда – осы Келісімнің 6.2-тармағында көзделген санкцияларды қолдануға құқылы. Ниеттестік бағдарламасы шеңберіндегі жосықсыз әрекеттерге мынадай әрекеттер жатады: сыйақы алу үшін жасанды түрде жағдайлар жасау, Пайдаланушылар тобының негізсіз сыйақы алуға бағытталған үйлестірілген әрекеттері, Бірыңғай платформадағы техникалық іркіліс нәтижесінде алынған сыйақыны қайтарудан бас тарту, сондай-ақ тексеру нәтижелері бойынша Оператор теріс пайдалану деп таныған өзге де әрекеттер.

6.4. Пайдаланушы salem@freedombank.kz мекенжайына уәжді өтініш жіберу арқылы Пайдаланушы контентіне, интерфейске, басқа Пайдаланушының әрекеттеріне немесе Оператордың әрекеттеріне қатысты шағым түсіруге құқылы.

6.5. Оператор шағымды қарауға және шағым алынған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде өтініш берушіге жауап беруге міндеттенеді.

6.6. Оператор өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына қатаң сәйкестікте жүзеге асырады.

6.7. Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органынан ресми сұрау, нұсқама немесе хабарлама (соның ішінде Заңсыз контентке қатысты сұраулар) алынған жағдайда, Оператор мұндай сұрауды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген мерзімдерде қарауға және оған жауап беруге міндеттенеді.

6.8. Пайдаланушы Оператордың Қазақстан Республикасы уәкілетті мемлекеттік органдарының тиісті талаптарын орындау мақсатында Пайдаланушыға хабарламай-ақ оның контентін немесе Аккаунтын бұғаттауға немесе жоюға құқылы екеніне келіседі.

6.9. Серіктестер жариялайтын контентке офертаның 5.4-бөлімінің (Тыйым салынған

контент) және 6-бөлімінің (Модерация) барлық қолданыстағы ережелері қолданылады. Прогрессивті санкциялар (ескерту, функцияларды 30 күнтізбелік күнге дейін уақытша шектеу, қайта тіркелу мүмкіндігінсіз аккаунтты жою) Серіктестерге дәл сондай тәртіппен қолданылады.

7. Дербес деректер және құпиялылық

7.1. Пайдаланушылардың дербес деректерін өңдеуді Оператор Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Келісімге және Сервисте орналастырылған және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын (№1 қосымша) Құпиялылық және дербес деректерді өңдеу саясатына (бұдан әрі – Құпиялылық саясаты) сәйкес жүзеге асырады.

7.2. Пайдаланушы Сервисті пайдалану арқылы дербес деректерді жинауға, өңдеуге және беруге келісімді Freedom SuperApp банктік қолданбасында тіркелу және оны пайдалану кезінде бергенін растайды. Аталған келісім Құпиялылық саясатында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген көлемде және мақсаттарда дербес деректерді өңдеуді қоса алғанда, Freedom Lenta сервисін пайдалануға да қолданылады.

7.3. Пайдаланушының дербес деректерді жинауға, өңдеуге және беруге келісімі Freedom SuperApp банктік қолданбасында тіркелу және оны пайдалану кезінде, оның ішінде тиісті құжаттарды акцептеу және Пайдаланушының телефон нөміріне жіберілген бір реттік кодты (OTP) пайдалану арқылы авторландыру және операцияларды растау бойынша әрекеттерді жасау кезінде электрондық нысанда берілген деп есептеледі. Аталған келісім Freedom Lenta сервисін пайдалануға да қолданылады.

7.4. Пайдаланушы Сервистің Пайдаланушы контентін орналастыруға және жүктеуге байланысты функционалын пайдалану кезінде Операторға осындай контенттегі дербес деректер мен өзге де мәліметтер, соның ішінде сатып алу туралы ақпарат, дүкеннің немесе сатушының атауы, сатып алу сомасы мен орны, сондай-ақ Пайдаланушы Сервисте ерікті түрде жариялаған өзге де деректер берілуі және өңделуі мүмкін екенін түсінеді және онымен келіседі.

7.5. Пайдаланушы Сервисте үшінші тұлғалардың дербес деректерін заңды негізсіз орналастырғаны үшін, сондай-ақ Келісімнің 5.3-тармағында көрсетілген әрекеттер үшін жауапкершілікті көтереді. Пайдаланушының үшінші тұлғалардың дербес деректерін орналастыруына тек Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тиісті құқықтық негіздер болған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

7.6. Дербес деректерді өңдеуге келісім қайтарып алынған жағдайда, Пайдаланушы Сервисті әрі қарай пайдалану Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау үшін қажетті көлемде шектелуі немесе тоқтатылуы мүмкін екенін түсінеді.

8. Тараптардың жауапкершілігі

8.1. Сервис Пайдаланушыға «БАР КҮЙІНДЕ» (AS IS) ұсынылады. Оператор ешқандай тікелей немесе тұспалданған кепілдіктер бермейді, соның ішінде төмендегілермен шектелмейді: үздіксіз жұмыс істеу, қателердің болмауы, үйлесімділік, қауіпсіздік немесе Сервистің Пайдаланушының нақты мақсаттарына жарамдылығы туралы кепілдіктер.

8.2. Оператор Пайдаланушы контентінің бастамашысы, авторы немесе бақылаушысы болып табылмайды. Оператор Пайдаланушылар орналастырған кез келген Пайдаланушы контенті үшін жауапты болмайды. Пайдаланушы контентінің мазмұны, заңдылығы мен оны жариялаудың салдары үшін, соның ішінде үшінші тұлғалардан тиісті рұқсат алу үшін барлық жауапкершілікті оны орналастырған Пайдаланушы ғана көтереді.

8.3. Оператор сатып алу туралы деректері Сервиске жүктелетін тауарларды/қызметтерді сатушы болып табылмайды. Оператор Пайдаланушылардың Серіктестерден сатып алатын тауарлары мен қызметтерінің сапасы, қауіпсіздігі, бағасы, заңдылығы немесе кез келген өзге аспектілері үшін жауапты болмайды. Тауарларға/қызметтерге байланысты барлық наразылықтарды (соның ішінде қайтару, кепілдік) Пайдаланушы *тікелей Серіктеске* білдіреді.

8.4. Сервисте үшінші тұлғалардың сайттарына сілтемелер болуы мүмкін. Оператор олардың мазмұны немесе қауіпсіздігі үшін жауапты болмайды.

8.5. Оператор үшінші тұлғалардың әрекеттерінен, байланыс желілерінің/интернеттің жұмысынан, Бірыңғай платформаның іркілістерінен, форс-мажордан, сондай-ақ Пайдаланушының қауіпсіздік талаптарын бұзуынан туындаған іркілістер мен салдар үшін жауапты болмайды.

8.6. Оператор жауапкершілігінің шектелуі:

8.6.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында рұқсат етілген барынша жоғары дәрежеде Оператор Пайдаланушы алдында да, үшінші тұлғалар алдында да кез келген жанама, кездейсоқ, қасақана емес зарарлар, соның ішінде өткізіп алынған пайда, деректерді жоғалту, ар-намысқа, қадір-қасиетке немесе іскерлік беделге келтірілген нұқсан үшін жауапты болмайды.

8.6.2. Пайдаланушы осы Келісім бойынша Операторға нұқсан келтірген жағдайда, Пайдаланушы Оператордың жазбаша уәжді талабын (наразылығын) алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде мұндай нұқсанды толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

9. Аккаунтты бұғаттау және Келісімді бұзу

9.1. Оператор Пайдаланушыға алдын ала хабарландырусыз төмендегідей жағдайларда:

- Пайдаланушы осы Келісімнің талаптарын және ҚР заңнамасын бұзғанда;
- Келісімнің өзге де ережелерін жүйелі түрде бұзғанда;
- транзакциялық деректермен, чектермен немесе ниеттестік бағдарламасы шеңберінде алаяқтық әрекеттер анықталғанда;
- мемлекеттік органдардың талаптарын орындау үшін;
- ниеттестік бағдарламасын теріс пайдалану белгілері анықталғанда;
- кез келген уақытта өз қалауы бойынша себептерін түсіндірместен,

ықпал ету шараларын, соның ішінде ескерту жасауды, Сервис функцияларын уақытша шектеуді, Аккаунтты тоқтата тұруды немесе бұғаттауды және Пайдаланушы контентін жоюды қолдануға құқылы.

9.2. Пайдаланушы кез келген уақытта Сервисті пайдалануды тоқтатуға және өзінің Аккаунтын жоюға құқылы.

9.3. Келісімді бұзу Пайдаланушыны осы Келісімнің 5.3-тармағының 5.3.3-тармақшасында және 8.6-тармағының 8.6.2-тармақшасында көрсетілген міндеттемелерден босатпайды.

10. Қолданылатын құқық және дауларды шешу

10.1. Осы Келісім, оны жасасу, орындау және түсіндіру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

10.2. Келісімнен туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер міндетті сотқа дейінгі (кінарат-талап) тәртіппен реттелуге тиіс. Дауды сотқа дейінгі реттеу мерзімі 30 (отыз) күнтізбелік күнді құрайды.

10.3. Дәуды сотқа дейінгі тәртіппен шешу мүмкін болмаған жағдайда, дәу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Оператор орналасқан жер бойынша сотта шешілуге жатады.

11. Қорытынды ережелер

11.1. Осы Келісім Пайдаланушы мен Оператор арасындағы толық уағдаластықты құрайды.

11.2. Оператор Келісімді біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы. Жаңа редакция, егер өзгеше көрсетілмесе, сервисте орналастырылған сәттен бастап күшіне енеді. Пайдаланушы Келісімнің өзекті редакциясын өз бетінше қадағалап отыруға міндетті.

12. Байланыс ақпараты:

- Жалпы сұрақтар мен қолдау көрсету үшін:
- Байланыс орталығы 595, WhatsApp +7 776 159 55 95
- Контентке қатысты шағымдар үшін: Байланыс орталығы 595, WhatsApp +7 776 159 55 95
- Эл. пошта: salem@freedombank.kz

ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ӨНДЕУ САЯСАТЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Құпиялылық және дербес деректерді өңдеу саясаты (бұдан әрі – Саясат) Бірыңғай платформаның құрамында жұмыс істейтін Сервис Пайдаланушыларының дербес деректерін жинау, сақтау, пайдалану, беру және қорғау тәртібін айқындайды және «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне; Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

Дербес деректер операторы: «Фридом Банк Қазақстан» АҚ, БСН: [көрсету], мекенжайы: [көрсету] (бұдан әрі – Оператор).

1.2. Пайдаланушы Сервисті пайдалану арқылы осы Саясатпен танысқанын және келісетінін растайды.

1.3. Пайдаланушы Сервисті пайдалану арқылы осы Құпиялылық саясатымен қарастырылған тәртіпте, көлемде және талаптармен өзінің дербес деректерін жинауға, өңдеуге және тапсыруға келісімін білдіреді.

2. ТЕРМИНДЕР

Осы Саясатта пайдаланылатын терминдер, егер Саясатта өзгеше тікелей көрсетілмесе, Келісімде белгіленген мағыналарда қолданылады.

3. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІҢ ЖӘНЕ БАНКТІК ҚҰПИЯНЫҢ ҚҰРАМЫ

3.1. Оператор Пайдаланушының дербес деректерінің келесі санаттарын өңдей алады:

3.1.1. Сәйкестендіру деректері:

- ТАӘ;
- телефон нөмірі;
- электрондық пошта мекенжайы;
- Freedom SuperApp-тағы есептік жазба деректері;
- пайдаланушы идентификаторлары (ID, токендер және өзге де техникалық идентификаторлар).

3.1.2. Сатып алулар, Транзакциялар/Операциялар және чектер туралы деректер:

- сатып алуды растайтын чектердің кескіндері мен сканерленген көшірмелері;
- чектердің QR-кодтары;
- жасалған карточкалық транзакциялар туралы деректер (сомасы, күні, Серіктестің атауы, сатып алу орнының мекенжайы, Серіктес санаты және т.б.);
- жариялау кезінде Пайдаланушы көрсеткен геолокация деректері (картадағы нүктенің координаттары);
- сатушының (Серіктестің) атауы мен БСН-і;
- тауарлардың/қызметтердің тізбесі;

- сатып алу құны, күні мен орны;
 - чекте қамтылған және/немесе Пайдаланушының карточкалық операцияларына байланысты өзге де мәліметтер.
- 3.1.4. Пайдаланушы контенті:
- жарияланымдар, пікірлер, сын-пікірлер;
 - профиль кескіндері;
 - қолдау қызметіне жолданған өтініштер.
- 3.2. Оператор, заңнамада тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, дербес деректердің арнайы санаттарын (денсаулық жағдайы, саяси көзқарастары және т.б. туралы) өңдемейді.

4. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ӨНДЕУ МАҚСАТТАРЫ

Дербес деректерді Оператор тек келесі мақсаттарда ғана өңдейді:

- 4.1. Сервис функционалына қолжетімділік беру;
- 4.2. Пайдаланушыны сәйкестендіру және Аккаунтты басқару;
- 4.3. транзакциялық деректерді, чектерді өңдеу, тану және верификациялау;
- 4.4. ниеттестік бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті балл есептеу;
- 4.5. алаяқтықтың және теріс пайдаланудың алдын алу;
- 4.6. Сервис Серіктестерімен өзара іс-қимыл жасау;
- 4.7. талдау жасау, Сервис жұмысының сапасын жақсарту;
- 4.8. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және уәкілетті органдардың сұрауларын орындау;
- 4.9. Пайдаланушыға сервистік және ақпараттық хабарламалар жіберу.

5. ӨНДЕУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

- 5.1. Дербес деректерді өңдеудің негізі болып төмендегілер табылады:
- Пайдаланушы келісімі, ол Пайдаланушы келісімін және осы Саясатты акцепттеу (қабылдау) арқылы білдіріледі;
 - Келісім шарттарын орындау қажеттілігі;
 - Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары.
- 5.2. Пайдаланушының келісімі электрондық нысанда берілген және жазбаша келісімге тең болып есептеледі.

6. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ӨНДЕУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

- 6.1. Дербес деректерді өңдеу автоматтандырылған және автоматтандырылмаған құралдарды пайдалану арқылы жүзеге асырылады.
- 6.2. Оператор заңнама талаптарын сақтау және құпиялылықты қамтамасыз ету шартымен дербес деректерді өңдеуді үшінші тұлғаларға (соның ішінде IT-мердігерлерге, чектерді тану сервистеріне, антифрод-провайдерлерге) тапсыруға құқылы.
- 6.3. Дербес деректерді үшінші тұлғаларға беруге төмендегідей жағдайларда жол беріледі:
- Серіктестерге – ниеттестік бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті бөлігінде;
 - Оператордың мердігерлеріне – Сервис жұмысын техникалық қамтамасыз ету үшін;
 - Мемлекеттік органдарға – заңды талап бойынша.
- 6.4. Дербес деректерді трансшекаралық беру (дербес деректерді шет мемлекеттердің аумағына беру) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары сақталғанда және тек осы мемлекеттер дербес деректердің қорғалуын қамтамасыз еткен жағдайда ғана рұқсат етіледі.

Дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етпейтін шет мемлекеттердің аумағына дербес деректерді трансшекаралық беру төмендегідей жағдайларда жүзеге асырылуы мүмкін:

- 1) субъектінің немесе оның заңды өкілінің өзінің дербес деректерін трансшекаралық беруге келісімі болғанда;
- 2) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделгенде;
- 3) егер бұл конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатында қажет болса, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгенде;
- 4) егер субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімін алу мүмкін болмаса, адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін.

Бұл ретте, дербес деректерді шет мемлекеттердің аумағына трансшекаралық беру Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынуы немесе шектелуі мүмкін.

7. САҚТАУ ЖӘНЕ ӨНДЕУ МЕРЗІМДЕРІ

7.1. Егер ҚР заңнамасында өзгеше мерзім белгіленбесе, дербес деректер өңдеу мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті уақыттан артық сақталмайды.

7.2. Транзакциялар/Операциялар, чектер және сатып алулар туралы деректер төмендегілер үшін қажетті болып саналады және заңнамада белгіленген мерзімдер ішінде сақталуы мүмкін:

- ниеттестік бағдарламаларын іске асыру;
- алаяқтықтың алдын алу;
- дауларды шешу.

8. ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Пайдаланушының төмендегілерге құқығы бар:

8.1. өзінің дербес деректерінің өңделуі туралы ақпарат алуға;

8.2. заңнаманы бұза отырып өңделетін дербес деректерді нақтылауды, блоктауды немесе жоюды талап етуге;

8.3. дербес деректерді өңдеуге берілген келісімді кері қайтарып алуға (бұл ретте Сервиске қолжетімділіктің тоқтатылуы мүмкін екендігі ескеріледі);

8.4. уәкілетті мемлекеттік органдарға және/немесе сотқа шағыммен жүгінуге.

9. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ

9.1. Оператор дербес деректерді құқыққа қайшы қол жеткізуден, жоғалтудан, өзгертуден немесе жария етуден қорғау үшін қажетті құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдайды.

9.2. Дербес деректерге қолжетімділік Оператордың тек уәкілетті тұлғаларына ғана беріледі.

10. ЖАУАПКЕРШІЛІК

10.1. Оператор дербес деректерді қорғау саласындағы ҚР заңнамасы талаптарының сақталуы үшін жауапты болады.

10.2. Оператор Пайдаланушының үшінші тұлғалардың дербес деректерін заңды негіздерсіз орналастыруына байланысты әрекеттері үшін жауапты болмайды.

11. САЯСАТТЫ ӨЗГЕРТУ

11.1. Оператор осы Саясатқа біржақты тәртіппен өзгерістер енгізуге құқылы.

11.2. Егер мәтінде өзгеше көрсетілмесе, Саясаттың жаңа редакциясы оны Сервисте орналастырған сәттен бастап күшіне енеді.

12. ОПЕРАТОРДЫҢ БАЙЛАНЫС МӘЛІМЕТТЕРІ

Дербес деректерді өңдеу мәселелері бойынша Пайдаланушы төменде көрсетілген мекенжайлар бойынша байланыса алады:

Эл. пошта: <mailto:privacy@freedombank.kz>

Мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Құрманғазы көш., 61А-үй.